

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы  
Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 қыркүйек N 1402

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 1 наурызда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон  
Республикасы Үкіметінің арасындағы  
Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы  
Келісім

ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 6, 56-құжат.  
1999 жылғы 28 қыркүйекте күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,  
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 86 бет

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасының Үкіметі,  
- екі мемлекеттің арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау қажеттігін негізге ала отырып,  
- экономикалық байланыстар екіжақты қатынастарды нығайтуда маңызды және қажетті элементті құрайды деп санай отырып,  
- өзара экономикалық байланыстарды жүзеге асыру кезінде тең құқықтылық, теңдік, өзара тиімділік принциптерін және халықаралық құқық нормаларын басшылыққа ала отырып,  
- сауда саласындағы өз қатынастарын Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ, ТСБК)

принциптеріне сәйкес дамытуға ұмтыла отырып,  
мына төмендегілер жөнінде келісті:

### 1-бап

Уағдаласушы Тараптар екі мемлекетте қолданылатын заң актілерін сақтай отырып өзара тиімділік және мүдделілік принциптерін басшылыққа ала отырып, Уағдаласушы Тараптардың меншік нысандарына қарамастан шаруашылық қызметі субъектілері арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту және кеңейту үшін барлық қажетті шараларды қолданатын болады.

### 2-бап

Уағдаласушы Тараптар Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін өзара тиімді жағдайлар жасау мақсатында бір-біріне сыртқы саудада неғұрлым қолайлы режим ұсынады, олар:

- осындай баждар мен алымдарды салу әдістерін қоса алғанда

импортталатын және экспортталатын тауарларға салынатын кеден баждары мен алымдарға;

- кедендік ресімдеуге, транзитке, орналастыруға, тауарларды қайта тиеуге және осы тектес басқа да қызмет көрсетулерге қатысты ережелерге;

- салық салуға және тауарларға тікелей немесе жанама салынатын басқа да ішкі алымдарға;

- осындай төлемдерді төлеу және аудару әдістеріне;

- ішкі рынокта тауарларды сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөлуге және пайдалануға қатысты ережелерге;

- импорттық және экспорттық лицензиялар беруге қатысты.

### 3-бап

2-баптың ережелері:

- Уағдаласушы Тараптардың бірі шекара маңындағы сауда мен шекара маңындағы тасымалдарды оңайлату мақсатында көршілес мемлекеттерге ұсынатын артықшылықтарға;

- Уағдаласушы Тараптардың бірінің қазіргі бар немесе болашақ кеден одақтарына, еркін сауда аймақтарына немесе сауда-экономикалық ынтымақтастықтың басқа да нысандарына қатысуына байланысты үшінші тараптарға ұсынатын артықшылықтарға;  
- преференцияның жалпы жүйелері бойынша ұсынылатын артықшылықтарға қолданылмайды.

#### 4-бап

Уағдаласушы Тараптардың арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық екі мемлекетте қолданылып жүрген заңдарға сәйкес олардың меншік нысандарына қарамастан шаруашылық қызметі субъектілері арасында шарттар (келісім-шарттар) жасасу жолымен жүзеге асырылады.

#### 5-бап

Шаруашылық қызметі субъектілері арасындағы барлық есеп айырысулар мен төлемдер еркін айналымдағы валютада немесе шарттарда (келісім-шарттарда) белгіленген валютада жүзеге асырылады.

Шарттар (келісім-шарттар) жасасқан кезде халықаралық саудада қабылданған ережелер қолданылады.

#### 6-бап

Уағдаласушы Тараптар тұрақты түрде өздеріне қатысты кеден статистикасын қоса алғанда, сыртқы экономикалық қатынастарды ішкі құқықтық реттеу туралы, оның ішінде сауда, инвестиция, салық салу, банк пен сақтандыру қызметі және басқа да қызмет көрсетулер жөнінде, көлік пен кеден мәселелері жөнінде ақпарат алмасатын болады.

#### 7-бап

Уағдаласушы Тараптар екіжақты сауда-экономикалық қатынастарды тарифтік және тарифтік емес реттеуді, статистикалық ақпарат алмасуды және кедендік рәсімдерді жүргізу үшін Дүниежүзілік кеден ұйымының тауарларды сипаттау мен кодтаудың Үйлестірілген жүйесіне негізделген Сыртқы Экономикалық қызметтің Тауарлық Номенклатурасын пайдаланатын болады.

#### 8-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап өз мемлекетінің аумағында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің және/немесе үшінші елдің кеден аумағында шығарылған және екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің немесе үшінші кез келген елдің кеден аумағына шығаруға арналған тауарлардың өз мемлекетінің аумағы арқылы еркін транзиті үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

#### 9-бап

Уағдаласушы Тараптар жүктерді тасымалдаудың, көлік қозғалысының, оның ішінде транзиттік жүктер мен жолаушыларды тасымалдаудың тәртібі мен ережелері, сондай-ақ көлік жүйелерінің өзара іс-қимылы халықаралық тасымалдау ережелеріне сәйкес реттеледі және Уағдаласушы Тараптардың белгіленген келісімдерімен айқындалатын болады деп келісті.

#### 10-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің ережелерін және өз мемлекеттерінің қолданылып жүрген заңдарын басшылыққа ала отырып, екі мемлекеттің экономикасына инвестициялар тарту, бірлескен кәсіпорындар мен шетел капиталы бар кәсіпорындар, сондай-ақ мұндай кәсіпорындардың өкілдіктерін

құру үшін кемсітуге жол берілмейтін жағдайлар жасайтын болады.

#### 11-бап

Әр Уағдаласушы Тарап өз мемлекетінің аумағында қолданылып жүрген заңдарға және халықаралық міндеттемелерге сәйкес екінші Уағдаласушы Тараптың шаруашылық қызметі субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін тең, құқықтық, оның ішінде және сотпен қорғауды ұсынатын болады.

#### 12-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың әрқайсысының экспортқа, импортқа және транзитке:

- 1) ұлттық қауіпсіздікті қорғауға;
- 2) адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға, жануарлар мен өсімдіктердің ауруларының алдын алуға;

- 3) өнеркәсіптік және интеллектуалдық меншікті қорғауға;
- 4) ұлттық игіліктің құндылықтарын қорғауға;
- 5) табиғи ресурстардың таусылуының алдын алуға;

б) қоғамдық моральді қорғауға бағытталған тыйым салу немесе оларды шектеу жөніндегі *inter alia* шараларын қолдану құқығын шектемейді.

Тыйым салу және шектеу жөніндегі мұндай шектеулер кемсітусіз негізде қолданылады.

### 13-бап

Уағдаласушы Тараптар өз мемлекетінің аумағында сауда жәрмеңкелерін, көрмелер, бірлескен техникалық-экономикалық семинарлар ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдеседі.

Көрмелер мен басқа да осындай экспозициялық мақсаттар үшін арналған әкелінетін экспонаттар мен тауарлардың үлгілері кедендік баждар мен салықтардан босатылады. Мұндай экспонаттар мен үлгілер осы мемлекеттің құзыретті органдарының осыған келісімінсіз, сондай-ақ кеден салықтары мен

импорт жөніндегі салықтарды төлемей осы мемлекетте сатыла (беріле, сыйға тартыла) алмайды.

### 14-бап

Осы Келісімнің мақсаттарын негізге ала отырып және екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін Уағдаласушы Тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-эстон комиссиясын (бұдан әрі - "Комиссия") құрады.

Көрсетілген комиссияның негізгі міндеттері:

- екіжақты сауда-экономикалық байланыстарды дамытуды талдау;
- екі мемлекеттің арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жай-күйін жақсарту жөнінде және оны одан әрі дамытудың келешегі жөнінде ұсыныс әзірлеу;
- осы Келісімді іске асыруды қарау және тиісті ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Комиссия отырыстары Уағдаласушы Тараптардың бірінің ұсынысы бойынша қажеттілік бойынша өткізілетін болады.

#### 15-бап

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың үшінші елдермен бұрын жасалған басқа Келісімдердің ережелерін қозғамайды.

#### 16-бап

Үкіметаралық комиссияның ұсынысы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### 17-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар өткізу жолымен шешетін болады.

#### 18-бап

1. Осы Келісім, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындағаны туралы хабарлаған күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім бес жылға жасалды. Ол Тараптардың бірі Келісім қолданылатын тиісті мерзім аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей басқа Тарапты оның қолданысын тоқтатуға өз ниеті туралы мәлімдемесе кейінгі бес жылға автоматты түрде ұзартылатын болады.

3. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылғаннан кейін оның ережелері оның қолданысы кезеңінде туындаған және осы Келісімді қолдану мерзімі тоқтатылған сәтте орындалмаған барлық шарттардағы (келісім-шарттардағы) міндеттемелер бойынша бір жыл бойы қолданылатын болады.

4. Осы Келісім күшіне енген сәттен бастап Қазақстан Республикасының

14 шілдедегі Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім күшін жойған деп танылсын.

Астана қаласында 1999 жылғы 1 наурызда әрқайсысы қазақ, эстон және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқалық данада жасалды. Осы Келісімді түсінуде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар Келісімнің орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Эстон Республикасының  
Үкіметі үшін

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.